



ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

ШІРКЕЙГЕ «ТАЛАНҒАН» ӨНІРЛЕР КӨМЕККЕ ЗӘРУ

Мәжіліс спикері Нұрлан Нығматулиниң төрағалығымен өткен жалпы отырыста ҚР Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері жөніндегі заң жобасы қаралды. Мәжілісмендер талқылау барысында көптеген өзекті мәселелерге назар аударды. Бөрінен бұрын, бюджеттің орындалуы мен қаржылық тексерулердің сапасына және жауапкершілікке баса көңіл бөлінді. Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин «мәселе тексерудің жүргізілуінде емес, нәтижесінде» деп кесіп айтты. Кінәлілерді жауапкершілікке тартып, келтірілген шығын көлемінің орнын толтыруды қатаң талап етуге шақырды. Сонымен бірге төраға заң жобасын талқылау барысында: «Елбасымыз арқашанда әр тынды дұрыс пайдалану және оның экономикаға жұмыс істеуі керектігін айтып келеді. Осы жолда біз, бәріміз Үкімет те, Парламент те мемлекет қаржысын дұрыс жұмсау үшін бірлесіп, аяндай жұмыс жасауымыз керек», — деп мәлімдеді. Сондай-ақ, жалпы отырыста мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мен құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларын екінші оқылымда мақұлдады. Жұын соңында депутаттар әдеттегідей үкіметке депутаттық сауалдар жолдады. Соның ішінен өзекті деп танылған депутаттық сауал иесі Мәжіліс депутаты Ержан Құдайберген Төлепұлымен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.



— Ержан Төлепұлы, бүгін Үкімет басы-сына сауал жолдауыңызға не себеп болды?

— Анықтап айтайын, Үкімет басысына депутаттық сауалды бірнеше мәжілісмен бірігіп жолдап отырмыз. Олар: Е. Бектұрғанов, Ж. Жарасов, Ш. Өтемісов және мен. Ондағы мақсат — көптің сөзі өтімді бола ма деген дәме. Біздің депутаттық сауал жолдауымызға себеп болып отырған — еліміздің өнірлерінен келіп отырған арыздар. Оның негізі — кейінгі бес жылдың ішінде Батыс Қазақстан, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында ерекше өрішп тұрған шіркей мәселесі. Бұл құбылыстың мамыр-маусым айларында, ауыл шаруашылығы жұмыстары қызған кезде, іс барысына кедергі болып тұрғаны алаңдатула.

— Сіздер сөз етіп отырған шіркейлерден қорғануға мемлекет жылда қаржыны аямай бөліп отыр ғой. Оның нәтижесі басқы ма?

— Шынын айтпайық, бүгінгі таңда елімізде су тасқыны және шегірткемен күресуге бөлінген қыруар қаржы мардымсыз жұмсалуда. Халқымыздың «Аузы сүтке күйген, суды үрлеп ішеді» деген мақалы әлі де сабақ болмай отыр. Жылда қайталанатын қауіптердің алдын алу нәтижелі жолға қойылмағаны байқалады. Керісінше, осы жағдайларды туындатуға қолайлы жағдай туғызып жатқандай.

— Шыбын-шіркейлерден келетін қауіп-қатерлер жайлы қандай да бір мәліметтер бар ма?

— Өрине, бар. Шіркейлер адамдар мен малдарды шаққан жерлері қызырып, уының әсерінен қатты ісініп, дене қызуы көтеріледі екен. Сонымен қатар, біз сөз еткен өнірлердегі аудандардың эпидемиологиялық ахуалына да теріс ықпал етуде. Олар тарихи деректерге сәйкес, туляремия, сібір жарасы, онхоцеркоз, тіпті оба сияқты аса қауіпті аурулар қоздырғыштарын тасымалдауы мүмкін. Шіркейлердің еліміздің басқа да өнірлерінде, Астана, Алматы қалаларында да кездесіп жатқанын ескеріп және аталмыш аурулардың адам денсаулығына аса қатерлі екенін айтып өткен жөн.

— Дәл қазіргі уақытта шіркей «шабуылынан» қиындық көріп жатқан қай өнірлер?

— Өте қатты зардап шегіп жатқан Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс, Отырар, Шардара, Мақтарал ауданының тұрғындары.

— Депутаттық сауалда Үкімет басысына қандай талап-тілектер айтылды? Қанша дегенмен қалың елді алаңдатқан мәселенің жүгі ауыр ғой...

— Үкімет басысы Бақытжан Сағынтаев мырадан туындап отырған жағдайдың өте күрделі екенін ескере отырып, аталған елді мекендерде тұратын халықтың денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бірге, ауыл тұрғындарының қалыптасқан тіршілігі мен шаруашылықтарын тыңғылықты жүргізу мақсатында осы мәселелердің шешілуіне қатысты тиісті мемлекеттік органдарға тапсырма беріп сұрадық. Аталған кемшіліктердің жылдан-жылға жалғасып келуіне байланысты, осы проблемаға қатысты басын қызметкерлердің жауапкершілігін күшейтуді талап еттік. Сонымен қатар, орталық және жергілікті органдардың жауапты қызметкерлерінен және осы мәселемен айналысатын ғалымдардың қатысуымен жедел комиссия құрылып, аталған өнірлерге тез арада жіберіліп, тиісті шаралар қолданыла деген ойымызды жеткіздік.

— Сұхбатыңызға рақмет!



АШМ шегірткемен күресті бастады

ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ҚР Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов 2017 жылғы көктемдегі егіс жұмыстарын өткізу қорытындылары туралы баяндама жасады. Баяндамадан ұқсанымыз, көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті дизельдік отынға деген сұраныс толығымен қамтамасыз етіліпті. ҚР Үкіметінің жаздық егіс кезеңінде акциздердің мөлшерлемесін төмендету туралы шешімі дизельдік отын бағасын республика бойынша орта есеппен литріне 123 теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік беріпті. Егістерді химиялық өңдеу бойынша қорғау шараларын жүргізу үшін еліміздің оңтүстік өнірлеріне қосымша пестицидтер мен техникалар жеткізілген көрінеді.

«Биыл еліміздегі егіс алқабының жалпы ауданы 22,5 млн. гектарды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 650 мың гектарға көп. Егін егу жұмыстарын әртараптандыру аясында сұранысы жоғары дақылдарды егетін алқаптар 1 млн. 348 мың гектарға ұлғайтылды. Бұл аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамыту мемлекеттік бағдарламасының жоспарланған индикаторынан 340 мың гектарға жоғары көрсеткіш», — деді вице-министр.

Айтуғановтың айтуынша, жасымдық егісін ұлғайту Қазақстанға әлемде аумақ бойынша бесінші және экспорт бойынша төртінші орынды иеленуге мүмкіндік береді. Бұдан өзге, биыл қант өндірісі бір жарым есеге, майлы дәндер 1,3 есеге ұлғайтылады деп күтілуде. Жүзеге асырылып жатқан әртараптандыру жұмыстары әр гектардың тиімділігі мен өндірістің табыстылығын арттырады.

Сөз соңында қорыта айтармыз: биыл 591 мың га жер өңделген. Ең бастысы, ауыл шаруашылығы жерлеріне зақым келтірілмеген. Өзге өнірлерде үйірлі көкқасқа шегірткелерден қорғау шаралары жоспар бойынша жүргізіліп жатқанға ұқсайды.

ЭКСПО-НЫ ЖАМАНДАП, ӘЛЕМДІ ШУЛАТҚАН ЖУРНАЛИСТІҢ КӨКСЕГЕНІ НЕ?

Өткен аптаның соңында Америкалық «Foreign Policy» басылымында журналист Джеймс Палмердің Астана қаласында өтіп жатқан ЭКСПО жайлы келеңсіз, түгелдей сынға құралған мақаласы әлемді дүр сілкіндірді. Атышулы мақаланы «жерден жеті қоян тапқандай» көшіріп басып таратқандардың ішінде өзіміздің орыс тілді басылымдар көш басында тұр. Батыс журналисі ЭКСПО қалашығындағы қаңырап бос тұрған павильондарды сөз ете келіп, бас қаламызды «захолустной Астана» деп келемеждеп өтіпті.

Тұпнұсқадан ажырап қалмау үшін қыршаңқы тілді шетелдік журналистің мақаласының кей жерлерін ойып-ойып орысша бермекке бекіндік. Сонымен жаһандық саясат, экономика, интеграция тақырыптарын жазатын, екі айда бір басылып шығатын танымал журналда 15 маусымда Қазақстан туралы мақала шықты. «Қазақстан Өлім Жұлдызын жасауға 5 миллиард доллар жұмсады, бірақ ол лазермен ата алмайды» деп аталатын мақалада ЕХРО-ның бас нысаны «Нұрлы әлем» ұлттық павильоны «Өлім Жұлдызына» теңеліп, мысыққа алынған. «Өлім жұлдызы — «Жұлдызды соғыстар» фильміндегі бүкіл ғаламшарды қиратуға жеткілікті күші бар қаруланған ғарыштық станцияның атауы. Мақала авторы Астана ЭКСПО-ның бас нысанын фильмдегі ғарыш станциясына ұқсатқан.

Мұны әрі қарай ru.sputniknews.kz сайты былай жазады: «Авторитетті американдық журнал Foreign Policy опубликовал развернутый репортаж с Международной выставки ЭКСПО в Астане, однако больше 5 млрд. доллар емес, 1,3 млрд. долларды құрайды. Тағы басқа да жаптым жала, жақтым күйе сындауы орынсыз екен. Жә делік, Бірақ ЭКСПО-ны сын тезіне алған Джеймс Палмер өзі туралы айтылған айыптауларды естігенде табадағы балықтай шоршып түсіпті. Журналистік зерттеуіне күмән келтіргендерді сендіру үшін, өзінің Астанаға келгенін дәлелдеу үшін Twitter парақшасына жол сапар құжаттарын салып қойыпты. Онда барып келу билеттері, паспорттыңда мөр басылған.

Елді дүрліктірген бұл мәселе Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевты да бей-жай қалдырмаған секілді. Ол «Foreign Policy» америкалық басылымында жарық көрген Джеймс Палмердің ЭКСПО көрмесі туралы сыни материалына және кейін сайттың Қазақстанда бұғатталуына қатысты өз пікірін ашық білдірді.

«Біз көз келген сынды сабырлы қабылдаймыз, мұны өте жақсы білесіздер. ЭКСПО туралы мақтау сөздер де, сын да айтылып жатыр», — деді Абаев БАҚ өкілдеріне. «ЭКСПО баспасөз хатшысы Қуяновтың мәлімдемесі туралы бар болсақ, Сергейді адамгершілік тұрғыдан түсінуге болады. Өйткені журналист Палмердің мәлімдемесі шындыққа сәйкес келмейтінін жақсы білесіздер», — деді министр. Бірақ журналистің Астанаға келген-келмегені жөнінде бір ауыз сөз жоқ.

Қазір жұртқа қызығы: ЭКСПО-ны сын тезіне алған Джеймс Палмер Астанаға келді ме? Келсе, қай қонақүйге түсті? Қай жерден тамақтанды? Егер шынымен келген болса, ЭКСПО-дағы қимбатшылықты алдағы уақытта мақалаға арқау етері сөзсіз деп отыр. Ресми билік оның келгенін жоққа шығаруда. Өтірік айтса, өздеріне сын. Ал журналист мығым отыр. Кімге сенеміз? ЭКСПО арқылы еліміздің атын шығарамыз деп жатқанда, балаққа жармасып, түймедейді түйедей етіп жатқандарға не дерсің! Бұл не күншілдік пе, жоқ әлде қызығаныш па? Әлде мақаланың кей тұстары шындықпен жанаса ма? Оны өзіңіз көзбен көріп қана шешім шығара аласыз. Ол үшін ЭКСПО-ға келіңіз! Көріңіз!

компаниясының қоғаммен байланыс департаменті директоры Сергей Куянов Астанада арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, мәселенің ақ-қарасын ашуға тырысты. Сөйтсек, әлемге әйгілі «Foreign Policy» басылымының журналисі Джеймс Палмер Астанаға келмеген болып шықты. Келмегесін ЭКСПО көрмесін өз көзімен көрмегені тағы анық. Соған қарамастан, көрмені жамандап жазуға күш салғаны қалай? Сөйтсек, Палмер мырза өз материалын өзге біреудің пікіріне сүйеніп жазған, я болмаса, репортажын тапсырыс бойынша жарыққа шығарған көрінеді. «Біз ол журналистің бар екенін анықтадық. Британдық Джеймс Палмер бірнеше басылымға Орталық Азия мен Қытай туралы жазады екен. Алайда ЭКСПО — 2017 көрмесінде ондай журналист тіркелген жоқ. Ол — бір. Екіншіден, Джеймс Палмер деген кісі Қазақстан шекарасын кесіп өтпеді, — деді департамент директоры. Оның айтуынша, шетелдік журналист өз материалында көп фактілерді бұрмалап көрсеткен. Мәселен, көрме құрылысына кеткен ақшаның жалпы сомасы 5 млрд. доллар емес, 1,3 млрд. долларды құрайды. Тағы басқа да жаптым жала, жақтым күйе сындауы орынсыз екен.

Жә делік, Бірақ ЭКСПО-ны сын тезіне алған Джеймс Палмер өзі туралы айтылған айыптауларды естігенде табадағы балықтай шоршып түсіпті. Журналистік зерттеуіне күмән келтіргендерді сендіру үшін, өзінің Астанаға келгенін дәлелдеу үшін Twitter парақшасына жол сапар құжаттарын салып қойыпты. Онда барып келу билеттері, паспорттыңда мөр басылған.

Елді дүрліктірген бұл мәселе Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевты да бей-жай қалдырмаған секілді. Ол «Foreign Policy» америкалық басылымында жарық көрген Джеймс Палмердің ЭКСПО көрмесі туралы сыни материалына және кейін сайттың Қазақстанда бұғатталуына қатысты өз пікірін ашық білдірді.

«Біз көз келген сынды сабырлы қабылдаймыз, мұны өте жақсы білесіздер. ЭКСПО туралы мақтау сөздер де, сын да айтылып жатыр», — деді Абаев БАҚ өкілдеріне. «ЭКСПО баспасөз хатшысы Қуяновтың мәлімдемесі туралы бар болсақ, Сергейді адамгершілік тұрғыдан түсінуге болады. Өйткені журналист Палмердің мәлімдемесі шындыққа сәйкес келмейтінін жақсы білесіздер», — деді министр. Бірақ журналистің Астанаға келген-келмегені жөнінде бір ауыз сөз жоқ.

Қазір жұртқа қызығы: ЭКСПО-ны сын тезіне алған Джеймс Палмер Астанаға келді ме? Келсе, қай қонақүйге түсті? Қай жерден тамақтанды? Егер шынымен келген болса, ЭКСПО-дағы қимбатшылықты алдағы уақытта мақалаға арқау етері сөзсіз деп отыр. Ресми билік оның келгенін жоққа шығаруда. Өтірік айтса, өздеріне сын. Ал журналист мығым отыр. Кімге сенеміз? ЭКСПО арқылы еліміздің атын шығарамыз деп жатқанда, балаққа жармасып, түймедейді түйедей етіп жатқандарға не дерсің! Бұл не күншілдік пе, жоқ әлде қызығаныш па? Әлде мақаланың кей тұстары шындықпен жанаса ма? Оны өзіңіз көзбен көріп қана шешім шығара аласыз. Ол үшін ЭКСПО-ға келіңіз! Көріңіз!



Мен өзі мақтаншақтау шенеунік қазақтың. Мақтағанды қаным сүйеді. Мақтаған сайын марка беремін. Әсіресе шетелдік жұлдыздар десе, жыным бар. Жанып түсемін. Тіпті, асты-үстіне түсіп өлуге барым. Кейде олардың түкірігін денеме ырымдап жағып алатыным бар. (Солардай болсам деген есек дәме ғой бағы). Сондай сөздерде қазақ болғым келмей кетеді. Түсінесіз бе, қазақ болғым келмей кетеді.

Шынымды айтпайын, әлемге танымал тұлғаларды күтіп алып, шығарып салу — арманым. Олармен сұхбаттасу, бірге суретке түсу, қолынан ұстау, киген киімін бір сипап өту мен үшін үлкен мәртебе! Бұл мақсат жолында қара басым түгілі, қара халықты қынып жіберуге барым. Бойымдағы өзім білетін кемшіліктер мыналар: аздаған жағымпаздық, шамалы ілігіштік, тарыдай көңілшіт, биттей жалтастық, сіркедей қорқақтық, личекадай бейшаралық... Өйтпесе, әжептәуір қазақтың.

Айтқым келгені мынау еді. Астанаға атакты актер Джеки Чан келді деген күні казмедиаға екі өкпемді қолыма алып мен де жеттім. Байқаймын, «Джекиімді» қаптаған шенеуніктер құшағынан босатпайтын түрі бар. Бірі көтеріп әкетеді, бірі арқалап әкетеді, әйтеуір жерге түсірмей жүр. Оның екі өзү екі құлағында. Неткен бақытты адам еді деп қоямын ішімнен. Аяғына киген туфли жер иіскемей тұр. Сырттағы қаптаған қалың қазақ «қытай қорғаны» тәрізді ғимаратты қаумалап айқайлап тұр...

Бұлай қызықтап тұра берсем, ерте күнді кеш қыларымды біліп, өзімнің пысықтығымна басып, қоршаған қалың топты бұзып-жарып Джеки Чанның алдына жеттім. Арымда ынырысқан, бақырған, кіжіңген, боктаған дауыстар естіледі. Бірақ бүгінгідей тарихи сәтте оған мойын бұрар мұрша бар ма менде? Келе Джекенің ерніне сүліктей жабыстым. Бейшара тырп ете алмай қалды. Сілейіп тұр. Басқаны күтсе де, мұны күтпегені анық. Бір кезде бойы бусанып, талықсып бара жатты. Құшағымнан босатпаған қалым құлағына:

— Менің сізге қоятын бірнеше сауалым бар. Соған жауап беруге уәде етіңіз, — дедім қапсыра қыса түсіп. Бейшара көзі алақ-жулақ етіп, басын шұлғи берді. Осылайша жанкештілігіміз арқасында атакты актерді уысыма түсірдім. Сұхбат былайша өрбіді.

— Құрметті Джеки Чан мырза, сұхбатқа келіскеніңізге рақмет!

— Әй, қазақ, (күліп дәл осылай айтты) біріншіден, менің азан шақырып қойған нысыпым — Чун Луи. Осы есіммен атаса, қытайлық екенімді сезініп, тұла бойымды мақтаншп кернейді. Қытай Еуропада да қытай! Маған бұдан асқан құрмет жоқ. Шіркін, қытай болып туып, қытай болып өлгенге не жетсін! Оған менің киноларымыз көрген әр адам келісері анық. Сұрағыңызды көя беріңіз.

— Достұрыл сұрақтан бастайын, Джеке, кешіріңіз, Чун мырза. Сіз әлемге танымал, ғаламды шарлаған атакты актерсыз, қазақтың Астанасына көңіліңіз толды ма?

— Аз уақытта көп жұмыс жасағандарыңыз көрініп тұр. Неткен сұлу қала еді! Пай-пай! Өзіміздің Бейжіңге келгендей әсерге бөленіп қалдым.

— Қойыңызшы, Бейжің қайда, Астана қайда?

— Ой, сенбей тұрмысыз, имандай шыным. Әуешжайдан бері қарай «Қазмедиа» орталығына жеткенше Қытайдың қызыл жалауы мен ханшу тілінде жазылған құттықтау тілектер туған елімді еске түсірді...

— Ол енді сізге деген, қытай халқына деген құрметіміз ғой?

— Сонда сіздер ЭКСПО-ға қатысатын елдердің әр атакты азаматы келген сайын сол елдің туы мен тілін баннерге толтыра жазып қарсы аласыздар ма? Қызық екен. Одан да өздеріңіздің ұлттық нақыштарыңызға қатты көңіл бөлсеңіздер, ұлттық келбеттеріңізді танытсаныздар, қандай ғанибет!...

— Бұл жағынан кемшілік болып қалды, ұялта берменіші.

— «Түйенің мойынынан қысық» іске түзу қарай алмай тұрмын ғой. Дара қылықтарыңыз даракылыққа айналып кетпесін дегенімді дұрыс түсініңіз...

— Өрине, өрине, Джеке, кешіріңіз, Чун мырза. Ныспыңыз Чун, біздіңше, шыңға келеді екен. Керемет есім ғой. Шын — биіктік, кендік, шексіздік қой. Қалай ата-ананың тауып қойған?! Тфа-тфа. Тіл-аузым тасқа. Шәке, дейішші рұқсат болса. Шәке, сіз бұған дейін Қазақстан туралы білетін бе едіңіз?

— Шынымды айтпайын, көп білмеген екенмін... Бұрын білмегеніме қазір аздап өкініп те тұрған жайым бар. Қытайдың жігіттері

ЭКСПО ҚАРСАҢЫНДА ДЖЕКИ ЧАНМЕН ҚАЛАЙ СҰХБАТ ҚҰРДЫМ?

қазақтың қыздарына сұмдық ғашық дегенді қытай баспасөзінен оқығаным бар еді. Сөйтсем, біздің жігіттер текке құмартып жүрмеген екен-ау...

— Шәке, қазақ халқының қонақ күту дәстүрі мен сізге көрсеткен құрметіне риза боларсыз?

— Әлбетте, әлбетте. Мұндай да дархан, шетелдік жұлдыздарға ынтық халық болады екен-ау. Аста-төк қонақасының астында қалдым. Сүрленген газы-қарталдан дәмді тағам әлемде бар десе сенбеймін... Кеткенше семіріп кетпесем жақсы болар еді...

— Көптеген шетелдік қонақтар жылқы етінен бас тартып жатады. Сізге унағаны мұндай жақсы болар ма?

— Бақа-шаян, құрт-құмырсқа жейтін халықтың өкілімін ғой, оған қарағанда жылқы еті қуатты ас көрінеді. Қазақтар мұсылман ел ғой. Біздей емес, адал мен арамның аражігін ажырата алар деген ойдамын.

— Салт-дәстүрден не унады?

— Қатты унағанын айтпайын ба, тұсаукесер дәстүрі. Қазақтар негізгі баланың тұсауын шпашап жүретін адамға кестіреді екен-ау. Мен келеді дегенді естіп, балалары есейіп кетсе де мені күткен қазақтардан айналдым.



Ата-аналарының «енді баламыз Джеки Чан сияқты актер болады» деп жатқандарын құлағым шалды...

— Сіздің бұл сапарыңыз Қытай киносын дәріптеу ме, жоқ әлде «ЭКСПО — 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қолдау ма?

— Екеуі де бар.

— Қытай киносы қазаққа таңсық емес, Джеки мырза, тоесты. Чун мырза. 90 жылдары Брюс Ли қазақ балаларына кумир болған. Сіз де Брюс Лиің еліңізге өскен боларсыз?

— Мен ешқашан екінші Брюс Ли болуға тырысқан емеспін. Менің бар болғаны бірінші Джеки Чан болғым келеді. Солай.

— Мына бір сұрақ көптен көкейде жүр еді. Мазаны алған «тұтқан сұрақты» «бостандыққа» шығаратын күн туып тұр. Бүгіндері миллиардтан астындайдар. «Көп — қорқытады, терең — бағырады» демекші, өз ұлтыңыз туралы ашық айтыңызшы. Қытай қандай халық?

— Қысқа гана айтпайын. Қытай халқы бақылауға мұқтаж. Өйтпесе, олар ойына келгенін істейді. Осы естерінде болсын!

— Өзіңіз жайлы не айтасыз?

— Мен періште емеспін. Менің де жаман әдеттерім көп-ақ.

— Алдағы көп арманыңыздың біріне тоқталсаңыз.

— Қазір Бейжіңде кунг-фу бойынша жаттығулар жүргізудеміз, алдағы жылы онда мектебімізді ресми түрде ашуға ниетіміз. Сондықтан да осы мүмкіндікті пайдалана отырып, осы өнерге қызығушылық танытқан адамдар Бейжіңге келіп, кунг-фулы менгеруді өтінер едім. Бүгінде осы саладағы жұмыстарымыз жанадан қарқын алуда, осы орайда болашақта барша әлемде мектептерді ашуға ниеттімін. Мүмкін Қазақстанда да кунг-фу мектебі ашылып қалар.

— Ақшаңыз көп адамсыз, оны қайда жаратасыз? Қайырымдылық, жок-жітікке көмектесу ойыңызда бар ма?

— Ақша ешқашан көптің етпейді. Шашамын десем, қытайда да келдейер жетеді. Сұрағына нақты жауабым мынау. Мен өзі көп жылдан бері қайырымдылық шарасымен де айналысып келемін. Ол жайлы әлемдік БАҚ үнемі жазып жүр. Қазақтарда қайырымдылыққа мұқтаж болып жатса, көмектесуге даярмын.

— Жайдары мінезіңіз бен жарқын сұхбатыңызға рақмет!

— Сіздің де өлермендігіңізге тәнтімін...



БЕТТИ
ДАЙЫНДАҒАН —
НАҒАШЫБАЙ
ҚАБЫЛБЕК